

Тапсырма №3. Берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сұрақтар:

1. Қарағанды облысының климат ерекшеліктерін атап шығыңыз.
2. Қарағанды облысы қандай климаттық аудандарға бөлінеді? Олардың ерекшеліктерін сипаттаңыз. Картадан қарастырыңыз (таралу).
3. Қарағанды облысының қыстың/жаздың ерекшеліктерін сипаттаңыз.
4. Қарағанды облысының жауын- шашын түсі режимін сипаттаңыз.


Қарағанды облысының климаты

Қарағанды облыстың климаты тым континенталды: жазы құрғақ, қуаң, ыстық, қысы суық, қатты, боранды және желі көп, желдің төмен жылдамдығы 4–5 м/сек, ал ең жоғарғы жылдамдық көрсеткіші 30 м/сек шамалас. Жиі және қатты желдер қысты күні қарлы, ал жазды күні шаң дауыл көтереді.

Облыс аймағы 4 климаттық аудандарға (қоңыржай-салқын, қоңыржай-жылы, ұсақ шоқылы-қуаң, қоңыржай-жылы қуаң, жылы қуаң) бөлінеді. Қоңыржай-салқынға Қарқаралы ауданының жері жатады. Қоңыржай жылы, ұсақ шоқылы-қуаң аудан Сарыарқаның неғұрлым аласа бөлігін қамтиды. Бұған Бұқаржырау, Осакаров аудандары жатады. Қоңыржай-жылы, қуаң аудандарға Осакаров ауданының орталық бөлігі, Қарқаралы ауданының оңтүстік бөлігі кіреді. Жылы қуаң аудандар — Нұра, Абай және Бұқаржырау ауданының көпшілік бөлігін қамтиды.

Облыста қысқы ең төменгі температура Осакаровка ауданында -40° - 52° -ге дейін төмендейді. Қыс 5–5,5 айға жалғасады. Көп тұрғыда қыс қатал болады. Кей жылдары желтоқсан, немесе қаңтар айлары жылы болады. Абсолюттік қысқы жоғары жылы температура желтоқсанда $+6^{\circ}\text{C}$, қаңтарда $+7^{\circ}\text{C}$. Көктемгі ауа райы құбылмалы. Жаз ыстық, құрғақ және 3–4 айға созылады. Шілдеде ауа райының температурасы $+34$ - 39° дейін жетеді, ал кейбір жылдары 40 - 43° дейін барады.

Жаз айларында жауын-шашын (120 мм) жылдық мөлшердің 40%-ін алады. Кейбір жылдары маусымда ыстық, құрғақшылық ауа райы қалыптасады. Ылғал сүйгіш өсімдіктер құрғап, дала шөлейтке айналады. Күз қыркүйектің басында басталып, қазанның аяғына, қарашаның басына дейін созылады. Қазан-қараша айларының ортасынан бастап қар қалың жауа бастайды.



Қолданған дерек көздер

1. <http://museum-karaganda.kz/index.php/kz/karagandy-oblysi/71-geografiya-karagandinskoy-oblasti>
2. https://dic.academic.ru/pictures/wiki/files/75/Kar_obl.png
- 3.